

«Ғимараттар мен имараттарды әрлеу жөніндегі жұмыстар» кәсіптік стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Ғимараттар мен имараттарды әрлеу жөніндегі жұмыстар» кәсіптік стандарты білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, қызметкерлер мен білім беру мекемелерінің түлектерін сертификаттауға, персоналды басқару саласындағы кең ауқымды мәселелерді шешуге арналған.

2. Осы кәсіптік стандартта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

біліктілік – қызметкердің нақты еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болу деңгейі;

біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметінің стандарттан басқа болуы, жауапкершілігі және дербестігі бойынша сараланатын қызметкерлер дайындығы мен құзыреттілігіне қатысты талаптар жиынтығы;

ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

ұлттық біліктілік жүйесі (ҰБЖ) – еңбек нарығы тарапынан мамандар біліктілігіне деген сұраныс пен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

салалық біліктілік шеңбері (СБШ) – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

сала - бір типті өнім құруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, сондай-ақ еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек міндеттері мен құзыреттілігінің ұқсас жинағын болжайтын шағын топтар жиынтығы;

кәсіби шағын топтар – еңбек міндеттерінің тұтас жинағымен және оларды орындауға қажетті құзыреттіліктермен қалыптасқан, мамандықтар жиынтығы;

кәсіптік стандарт бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын кәсіптік стандарттың құрылымдық элементі;

кәсіп – білімі туралы тиісті құжатпен расталатын және арнайы дайындықтың нәтижесінде пайда болған арнайы білім, білік мен

практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін адам еңбегі қызметінің негізгі түрі;

еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

БТБА – Жұмыс және жұмысшылар кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамасы.

2. Кәсіптік стандарт паспорты

3. Кәсіптік стандарттың атауы: Ғимараттар мен имараттарды әрлеу жөніндегі жұмыстар.

4. Кәсіптік стандартты әзірлеу мақсаты: Осы кәсіби шағын топтың кәсіптер тізбесін жасау және анықталған кәсіптер үшін кәсіп карточкаларын әзірлеу.

5. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Ғимараттар мен имараттарды әрлеу жөніндегі жұмыстар құрылыс аяқталғаннан соң жаңа ғимараттарды тазалауды, сылақ, ағаш-балташылық, бояу-шынылау жұмыстарын, сондай-ақ еден төсеу мен қабырғаларды қаптау жұмыстарын және өзге әрлеу жұмыстарын қамтиды.

6. Негізгі топ: Мамандырылған құрылыс жұмыстары (жұмыста).

Кәсіби топ: Әрлеу жұмыстары (жұмыста).

3. Кәсіп карточкалары

7. Кәсіптер тізбесі:

түсқағаз жапсырушы, СБШ бойынша 2 біліктілік деңгей;

төсеуші, СБШ бойынша 2-3 біліктілік деңгей;

тақташа салушы (бетонға), СБШ бойынша 2 біліктілік деңгей;

синтетикалық материалдармен қаптаушы, СБШ бойынша 3 біліктілік деңгей;

сәулет бөлшектерін сомдаушы, СБШ бойынша 2 біліктілік деңгей;

сылақшы, СБШ бойынша 2-4 біліктілік деңгей;

паркетші, СБШ бойынша 3 біліктілік деңгей;

жылжымалы сылақ станциясының машинисі, СБШ бойынша 3 біліктілік деңгей;

құрылыстың құрғақ әдісі жөніндегі маман, СБШ бойынша 3-4 біліктілік деңгей;

Кәсіп карточкалары осы Кәсіптік стандарттың қосымшасында келтірілген.

| КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Тұсқағаз жапсырушы» | |
|---|--|
| Кәсіп коды | 7422 |
| Кәсіп атауы | Тұсқағаз жапсырушы |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 2 |
| БТБА бойынша біліктілік деңгейі | 2 |
| Кәсіби білім деңгейі | СБШ-ның 2-деңгейі |
| | Жалпы орта білім болғанда, бірақ негізгі ортадан төмен емес кәсіби дайындық (білім беру ұйымының базасында қысқамерзімді курстар немесе мекемедегі оқытулар). |
| Еңбек функциясы | 1) Беттерге қарапайым, тығыздығы орташа тұсқағаздар немесе маталар жапсыруды жүзеге асыру. |
| Еңбек функциясы 1 | СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2) |
| Беттерге қарапайым, тығыздығы орташа тұсқағаздар немесе маталар жапсыруды жүзеге асыру. | Біліктері мен дағдылары: |
| | <ol style="list-style-type: none"> 1. Жапсыру үшін беттерді дайындау: шаңнан және кірден тазарту. 2. Қабырғалардың және ойықтардың периметрі бойы желім құрамын жағу. 3. Қабырғалар бетіне желім құрамын жағу. 4. Тегіс емес жерлерін қалақшамен түзету. 5. Қалақшамен түзетілген жерлерді кеуектаспен тегістеу, қағаз жапсыру. 6. Тұсқағазды дайындау. 7. Тұсқағаздың, пленканың жолағына желім құрамын жағу. 8. Тұсқағаз жолақтарын жапсарлап жапсыру. |
| | Білімі: |
| | <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұсқағаз жапсыруды жақсарту жұмыстарын жасау тәсілдерін. 2. Тұсқағаз жұмыстарын жүргізгенде қолданылатын материалдар сапасына қойылатын талаптарды. 3. Тұсқағаз жұмыстарына арналған материалдар атауын. 4. Қарапайым құрылғылар мен тұсқағаз құралдарының мақсатын және оларды пайдалану шарттарын. 5. Тұсқағаз түрлерін. 6. Желім түрлерін. 7. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. |

| | | |
|--|---|--|
| Жеке құзыретіне қойылатын талаптар | Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық | |
| СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы | | |
| КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Төсеуші» | | |
| Кәсіп коды | 7132 | |
| Кәсіп атауы | Төсеуші | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 2 | |
| БТБА бойынша біліктілік деңгейі | 2-4 | |
| Кәсіби білім деңгейі | СБШ-ның 2-деңгейі | |
| | Жалпы орта білім болғанда, бірақ негізгі ортадан төмен емес кәсіби дайындық (білім беру ұйымының базасында қысқамерзімді курстар немесе мекемедегі оқытулар). | |
| Еңбек функциясы | 1) Еден төсеу үшін негізді дайындау. | |
| | 2) Материалдарды дайындау және еденді қолмен өңдеу, желдеткіш торлар мен еденкемерді орнату, еденді әрлеу. | |
| | 3) Негіздің барлық түріне еңсіз жұқа тақтайшадан, тақтайдан жасалған еденді төсеу, жөндеу және әрлеу. | |
| Еңбек функциясы 1 | СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2) | |
| Еден төсеу үшін негізді дайындау. | Біліктері мен дағдылары: | |
| | 1. Негізді тегістер алдында ерігіндінің кедір-бұдырын, қаспағын, жабысқандарын, шашырағандарын және бөтен заттарды алып тастау. 2. Өздігінен тегістейтін қоспаларды салу. 3. Грунтты негізге салу. | |
| | Білімі: | |
| | 1. Негізді тегістер алдында ерігіндінің кедір-бұдырын, қаспағын, жабысқандарын, шашырағандарын және бөтен заттарды алып тастау тәсілдері мен ережелерін. 2. Өздігінен тегістейтін қоспаларды салу тәсілдері мен ережелерін. 3. Грунтты негізге салу түрлері мен тәсілдерін. 4. Еденді әрлеу түрлері мен тәсілдерін. 5. Негізге арналған грунттың түрлері мен таңбаламасын. 6. Еден әрлеуге қолданылатын материалдардың түрлері мен таңбаламасын. | |

| | |
|---|--|
| | 7. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. |
| Еңбек функциясы 2 | Біліктері мен дағдылары: |
| Материалдарды дайындау және еденді қолмен өңдеу, желдеткіш торлар мен еденкемерді орнату, еденді әрлеу. | <ol style="list-style-type: none"> 1. Енсіз жұқа тақтайшаның ернеулері мен шет жағын қолмен өңдеу. 2. Енсіз жұқа тақтайшаның ернеулері мен шет жағын өңдегенде электрқұралдарды пайдалануды білу. 3. Енсіз жұқа тақтайшаның ернеулері мен шет жағын мамандандырылған білдекте өңдеу. 4. Электрқұралдар мен білдектерді қайрау және оларға пышақтарын салу. 5. Желдеткіш торларды орнату. 6. Еденкемерді орнату. 7. Лакты еден бетіне жағу үшін дайындау. 8. Еденді жалтырату. 9. Еденді жалтыратуға арналған жабдықты пайдалануды білу. |
| | Білімі: |
| | <ol style="list-style-type: none"> 1. Алмалы-салмалы төрткілдеш дайындау тәсілдері мен ережелері. 2. Электрленген құралдар мен білдектердің құрылымы және оларды пайдалану ережелері. 3. Электрленген құралдар мен білдектерде қолданылатын пышақтарды қайрау ережелері мен тәсілдері. 4. Ағаш өңдеу кезінде қауіпсіздік техника, өрт қауіпсіздігі және электр қауіпсіздігі ережелері. 5. Желдеткіш торлар мен еденкемерді орнату тәсілдері мен ережелері. 6. Лак түрлері мен сұрыптамасы. 7. Еден сапасына қойылатын талаптар. 8. Лак жағу тәсілдері. 9. Лак бояуын жағуға арналған құрал түрлері және оларды пайдалану ережелері. 10. Лак бояғыш материалдарымен жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы қауіпсіздік. 11. Паркетті едендерді машинамен жалтырату тәсілдері. 12. Еденді жалтыратуға арналған жабдықтың құрылымы және оны пайдалану ережелері. 13. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. |
| Еңбек функциясы 3 | Біліктері мен дағдылары: |
| Негіздің барлық түріне енсіз жұқа тақтайшадан, тақтайдан жасалған еденді төсеу, жөндеу және әрлеу. | <ol style="list-style-type: none"> 1. Енсіз жұқа тақтайша мен тақтайдан еден төсеу. 2. Енсіз жұқа тақтайша мен тақтай баспалдақтарды қаптау. 3. Кейбір бүлінген немесе тозған енсіз жұқа тақтайшалар мен тақтайларды алу. 4. Алынғанның орнына басқа енсіз жұқа тақтайша мен тақтай салу. 5. Енсіз жұқа тақтайшаны баспалдақтың көлеміне келетіндей етіп өңдеу. 6. Енсіз жұқа тақтайшаны баспалдақтың негізіне бекіту. 7. Еденкемер мен көмкермені орнату. |

| | | |
|---|---|----------|
| | 8. Еденді машинамен және электрленген құралмен сүргілеу. 9. Еденді машинамен және электрленген құралмен тегістеп өңдеу. 10. Еденді машинамен және электрленген құралмен тегістеу. | |
| | Білімі: | |
| | 1. Енсіз жұқа тақтайша мен тақтайдан еден төсеу тәсілдері мен ережелері. 2. Енсіз жұқа тақтайша мен тақтай баспалдақтарды қаптау тәсілдері мен ережелері. 3. Енсіз жұқа тақтайша мен тақтай едендерін төсеу сапасына қойылатын талаптар. 4. Ақау түрлері мен олардың алдын алу және жою тәсілдері. 5. Еденкемер мен көмкермені орнату ережелері мен тәсілдері. 6. Еденді машинамен және электрленген құралмен сүргілеу, тегістеп өңдеу, тегістеу ережелері мен тәсілдері. 7. Еденді өңдеуге арналған машиналардың құрылымы және пайдалану ережелері. 8. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. | |
| Жеке құзыретіне қойылатын талаптар | Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық | |
| СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы | 7132 | Паркетші |
| КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Тақташа салушы (бетонға)» | | |
| Кәсіп коды | 7122 | |
| Кәсіп атауы | Тақташа салушы (бетонға) | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 2 | |
| БТБА бойынша біліктілік деңгейі | 2-5 | |
| Кәсіби білім деңгейі | СБШ-ның 2-деңгейі | |
| | Жалпы орта білім болғанда, бірақ негізгі ортадан төмен емес кәсіби дайындық (білім беру ұйымының базасында қысқамерзімді курстар немесе мекемедегі оқытулар). | |
| Еңбек функциясы | 1) Тақташаларды көлемі, түсі және сұрыптары бойынша сұрыптау. | |
| | 2) Ерігінділер дайындау. | |
| | 3) Беттерді, төбелерді, едендер мен қисық сызықты беттерді қаптау жөніндегі негізгі жұмыстар. | |
| | 4) Тақташаларды дайындау және бекіту. | |
| Еңбек функциясы 1 | СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разрядтары: 2-5) | |

| | |
|---|--|
| Тақташаларды көлемі, түсі және сұрыптары бойынша сұрыптау. | <p>Біліктері мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Керамика, шыны, асбестцементті және басқа тақташаларды көлемі, түсі және сұрыптары бойынша сұрыптау. 2. Негіздің беттерін тақташалармен қаптауға дайындау. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қаптама түрелрі мен мақсаты. 2. Сыртқы және ішкі беттерді тақташалармен қаптағанда қолданылатын негізгі материалдардың түрлері. 3. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. |
| Еңбек функциясы 2 Ерігінділер дайындау. | <p>Біліктері мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Белгіленген құрам бойынша ерігінділерді, құрғақ қоспалар мен мастикаларды қолмен дайындау. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ерігінділер жасау тәсілдері. 2. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. |
| Еңбек функциясы 3 Беттерді, төбелерді, едендер мен қисық сызықты беттерді қаптау жөніндегі негізгі жұмыстар. | <p>Біліктері мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұтас тура сызықты беттерді ерігіндіге салып жік қалыңдығы 2 миллиметрден аса етіп және еденнің дайын маягымен керамика, шыны, асбестцементті және басқа тақташалармен қаптау. 2. Құйма тасты тақташалармен еденді қаптау. 3. Қапталған беттерді бөлшектеп алу. 4. Пилястрлерді, қуыстар мен басқа кіші беттерді қаптау. 5. Тура сызықты беттерді ерігіндіге және мастикаға салып жік қалыңдығы 2 миллиметрден аса етіп тақташалармен қаптау. 6. Беттерді «марблит» шынысымен және шыныкристалиттен, шынымрамордан жасалған тақташалармен қаптау. 7. Тақташаларды дірілмен батыруға арналған машиналарды қолданып еденді қаптау. 8. Едендер мен қисық сызықты беттерді қаптау. 9. Белгіленген сурет бойынша салу үшін беттерді белгілеп кілемді керамикамен еденді қаптау. 10. Беттерді белгілеу және кез келген суреттің фризін салу. 11. Тақташалармен әшекейлі қаптау. 12. Холдарда, кеңселерде және т.т. ірі көркем панноларды құру және салу. 13. Сарайларды, ғибадатханалар мен көркемдік құндылық болып саналатын басқа объектілерді қайта жаңарту кезінде суреті бар керамика тақташалаоын салу. 14. Беттерді керамикалық жібекграфика-тақташалар мен және айна тақташалармен қаптау. <p>Білімі:</p> |

| | | |
|--|---|---|
| | <ol style="list-style-type: none"> 1. Қаптау сапасына қойылатын талаптар, деңгеймен жұмыс істеу ережелерін. 2. «Марблит» шынысымен қаптау тәсілдерін және тақташаларды дірілмен батыруға арналған машиналардың құрылымы. 3. Суреті бар тақташалармен, қисыз сызықты беттерді тақташалармен қаптау және әшекейлі қаптау үшін белгі салу тәсілдері, әшекейлі қаптау түрлері мен тәсілдері. 4. Салар алдында айна тақташаларды өңдеуге қажетті әшекейлер, материалдар үшін беттерді тегістеу тәсілдері. 5. Айна тақташаларды салуға арналған ерігіндіні дайындау материалдары мен тәсілдері. 6. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. | |
| <p>Еңбек функциясы 4</p> <p>Тақташаларды дайындау және бекіту.</p> | <p>Біліктері мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тақташаларды бектуге арналған ерігінділер мен мастикаларды дайындау. 2. Тақташалар арасындағы жіктерді ерігіндімен толтыру. 3. Металл торды тарту және ерігінді жағу. 4. Ерігіндімен тегістеу қабатын жасау жұмыстарын орындау. 5. Жіктерді ерігінді жағып ысқылау және оларды массамен толтыру (фуга). 6. Тақташаларды жиегін өткірлеп шауып түсу және кішкене шабу. 7. Тақташаларда саңылау тесу. 8. Тура сызықты беттерді қаптау үшін маяк сызығының түзулігін тексеру және шыңдау. 9. Фасонды (карниздік, еденкемерлік, бұрыштық) тақташаларды орнату. 10. Қарапайым суретті фриздерді белгілеп салу. 11. Қаптама тақташаларды ауыстыру. 12. Еден тақташаларын жөндеу. <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сыртқы және ішкі беттерді қаптау кезінде тақташаларды орнату және бекіту тәсілдерін. 2. Тұз қышқылының, кальцийленген сода ерігіндісінің қасиеттерін және ерігінділердің рұқсат етілетін концентрациясын 3. Көлденең және тік беттердің маяк сызықтарын белгілеу, түзулігін тексеру және шыңдау. 4. Фасонды тақташаларды орнату және бекіту тәсілдері. 5. Еден жөндеу және тақташаларды ауыстыру ережелері. 6. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. | |
| <p>Жеке құзыретіне қойылатын талаптар</p> | <p>Командада жұмыс істей білу</p> <p>Тыңғылықтылық</p> | |
| <p>СБШ шеңберінде басқа</p> | <p>7132</p> | <p>Синтетикалық материалдармен қаптаушы</p> |

| | |
|---|---|
| кәсіптермен байланысы | |
| КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Синтетикалық материалдармен қаптаушы» | |
| Кәсіп коды | 7132 |
| Кәсіп атауы | Синтетикалық материалдармен қаптаушы |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 3 |
| БТБА бойынша біліктілік деңгейі | 2-6 |
| Кәсіби білім деңгейі | СБШ-ның 3-деңгейі |
| | Жалпы орта білім немесе жалпы орта білім негізінде техникалық және кәсіптік білімі болғанда кәсіби дайындық (білім беру мекемесі негізінде кәсіби дайындық бағдарламасы бойынша бір жылға дейінгі курстар немесе кәсіпорындағы оқыту курстары) |
| Еңбек функциясы | 1) Беттерді қаптауға дайындау жұмыстарын орындау. |
| | 2) Полимер тақашаларды сұрыптау және іріктеу. |
| | 3) Синтетикалық массаларды дайындау және тегіс беттерді қаптау жұмыстарын орындау. |
| | 4) Едендер мен жабындарды салу жұмыстарын орындау. |
| Еңбек функциясы 1 | СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3 (біліктілік разрядтары: 2-6) |
| Беттерді қаптауға дайындау жұмыстарын орындау. | Біліктері мен дағдылары: |
| | 1. Негіздерді компрессордың көмегімен шаңнан тазарту. 2. Негізге жаққышпен төсеме бояуды жағу. 3. Орама материалдарды жазу. 4. Шпатлевка мен мастика дайындау үшін цементті қолмен елеу. 5. Линолеумді, релінді, полимер тақашаларды және т.т. алу. |
| | Білімі: |
| | 1. Құйма жіксіз едендерді, линолеум еденді салғанда қолданылған материалдардың, реліннің, синтетикалық материалдардың, полимер тақашалардың, беттерді қаптағанда қолданылатын индустриалды дайындалған стандартты әрлеу бұйымдар мен элементтердің негізгі түрлерін. 2. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. |
| Еңбек функциясы 2 | Біліктері мен дағдылары: |

| | |
|---|---|
| <p>Полимер тақташаларды сұрыптау және іріктеу.</p> | <p>1. Полимер тақташаларды, индустриалды дайындалған стандартты әрлеу бұйымдар мен элементтерді сұрыптау және іріктеу.</p> <p>Білімі:</p> <p>1. Полимер тақташаларды, индустриалды дайындалған стандартты әрлеу бұйымдар мен элементтерді салғанда қолданылатын материалдардың негізгі түрлерін. 2. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы.</p> |
| <p>Еңбек функциясы 3</p> <p>Синтетикалық массаларды дайындау және тегіс беттерді қаптау жұмыстарын орындау.</p> | <p>Біліктері мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Синтетикалық массалар мен суық мастикалар дайындау. 2. Еден негіздерін қолмен бітемелеу. 3. Беттерге желімді құрамды жағу. 4. Желімді пісіру. 5. Қабырғаларға қағаз жапсыру. 6. Еден салу және индустриалды дайындалған стандартты әрлеу бұйымдармен және элементтермен қаптау үшін негіз беттерін белгілеу және тұзулігін тексеру. 7. Ыстық мастикалар дайындау. 8. Еден негіздеріне орама материалдар мен резеңке паркеттерді белгілеп, қиыстырып және кесіп жапсыру. 9. Тегіс беттерді синтетикалық тақташалармен, индустриалды дайындалған стандартты әрлеу бұйымдармен және элементтермен қаптау. 10. Қабырғаларды қарапайым және тығыздығы орташа тұқағаздармен, маталармен жапсарлап жапсыру. 11. Тұсқағаз кекіш машинада тұсқағаз шетін кесу. 12. Тұсқағазда білдекпен паркетті пішу. 13. Көптүсті құйма жіксіз едендерді салғанда синтетикалық массаның сыртқы қабатын жағу. 14. Белгіленген сурет бойынша синтетикалық массаның түстерін және реңктерін таңдау. 15. Пісірілген «бөлмеге» көлеммен линолеум кілемін жапсыру. 16. Синтетикалық, линолеумдік, реліндік тақташалардан және резеңке паркеттен (эскиз бойынша) күрделі суретті еден салу. 17. Сурет бойынша көптүсті ксилитті массадан еден салу жұмыстарын орындау. 18. Қисық сызықты беттерді синтетикалық және полимер тақташалармен, индустриалды дайындалған стандартты әрлеу бұйымдармен және элементтермен қаптау. 19. Қабырғаларды жоғары сапалы және сүректі тұсқағазбен, дермантинмен және т.т. жақын етіп жапсыру. 20. Төбелерге тұсқағаз жапсыру. 21. Линолеумнан, реліннен жасалған еден жабындарын және полимер тақташалардан, индустриалды |

| | |
|---|---|
| | <p>дайындалған стандартты әрлеу бұйымдар мен элементтерден жасалған беттердің қаптамасын ауыстыру және жөндеу.</p> <p>22. Талшықты және кілемді жабындарды салу жұмыстарын орындау.</p> <p>23. Спортқұрылыстарында тартанды жабындарды салу жұмыстарын орындау.</p> <p>24. «Таркетт» типті жабындарды салу жұмыстарын орындау.</p> <p>25. Цилиндрлі және сопақ беттердің синтетикалық материалды қаптамасын ауыстыру және жөндеу.</p> <p>26. Тік цилиндрлі және сопақ беттердің синтетикалық материалды қаптамасын белгілеу және жасау.</p> <p>27. Цилиндрлі және сопақ үй-жайлардың фриздерін, еденкемерлерін салу жұмыстарын орындау.</p> <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Желім пісіру және тұсқағаз пішу тәсілдерін. 2. Құйма жіксіз едендер үшін синтетикалық массаларды дайындау технологиясын. 3. Қолданылатын материалдар мен орындалатын жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар. 4. Орама материалдарды жапсыру және беттерді синтетикалық материалдармен қаптау технологиясын. 5. Ыстық мастикаларды дайындау технологиясын. 6. Тұсқағаз кесетін машиналар құрылымын және жұмыс істеу қағидатын 7. Синтетикалық массаларды жасағанда қолданылатын бояғыштардың қасиеттерін. 8. Синтетикалық массалардың түрлі реңктерін алу үшін түс үйлесімдігін таңдау ережелерін. 9. Қисық сызықты беттерді қаптау тәсілдерін. 10. Жабындар мен қаптамаларды жөндеу және ауыстыру тәсілдерін. 11. Синтетикалық материалдармен қаптау үшін белгілеу тәсілдерін 12. Тік цилиндрлі және сопақ беттердің қаптамасын жөндеу және ауыстыру тәсілдерін. 13. Фриздерді, еденкемерлерді салу тәсілдерін. 14. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. |
| <p>Еңбек функциясы 4</p> <p>Едендер мен жабындарды салу жұмыстарын орындау.</p> | <p>Біліктері мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дайын белгі бойынша маяк төрткілдешін салу. 2. Құйма жіксіз едендерді салғанда дайындық қабатын салу және тегістеп жазу. 3. Тақташаларда саңылаулар тесу. 4. Тұсқағаз жиегін қолмен кесу. 5. Негіздер бетін тегістегіш машинамен тегістеу. 6. Біртүсті синтетикалық массадан құйма жіксіз едендерді салу жұмыстарын орындау. 7. Біртүсті ксилит массасынан және дайын ксилитті тақташалардан еден салу жұмыстарын орындау. 8. Пластмассалық еденкемер мен тұтқаларды орнату. |

| | | |
|--|---|---------------------------|
| | <p>9. Жабыстырылған беттерден дақтарды кетіру.</p> <p>10. Синтетикалық, линолеумдік, релиндік тақташалардан және паркеттен қарапайым суретті едендерді салу.</p> <p>11. Пісірілген «бөлмеге» көлеммен линолеум кілемін құрғақтай салу.</p> <p>12. Линолеумді пісіру үшін пісіргіш машина жұмысына дайындалу.</p> <p>13. Линолеум жіктерін пісіру.</p> | |
| | Білімі: | |
| | <p>1. Құйма жіксіз еден төсегенде синтетикалық массаны салу тәсілдерін.</p> <p>2. Индустриалды дайындалған стандартты әрлеу бұйымдары мен элементтерін бекіту тәсілдері.</p> <p>3. Линолеумді пісіруге арналған пісіргіш машинаны пайдалану ережелері.</p> <p>4. Линолеум жіктерін пісіру тәсілдері.</p> <p>5. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы.</p> | |
| Жеке құзыретіне қойылатын талаптар | Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық | |
| СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы | 7122 | Тақташа салушы (бетонға), |
| КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Сәулет бөлшектерін сомдаушы» | | |
| Кәсіп коды | 7132 | |
| Кәсіп атауы | Сәулет бөлшектерін сомдаушы | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 2 | |
| БТБА бойынша біліктілік деңгейі | 2-5 | |
| Кәсіби білім деңгейі | СБШ-ның 2-деңгейі | |
| | Жалпы орта білім болғанда, бірақ негізгі ортадан төмен емес, кәсіби дайындық (білім беру ұйымының базасында қысқамерзімді курстар немесе мекемедегі оқытулар). | |
| Еңбек функциясы | 1) Ерігінділер мен жабыстырмалы сәулет бөлшектерін дайындау жұмыстарын орындау. | |
| | 2) Жалпақ бұйымдар мен жабыстырмалы сәулет бөлшектерін орнату жұмыстарын орындау. | |
| | 3) Үлгілер бойынша қалыптар дайындау. | |
| Еңбек функциясы 1 | СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2 (біліктілік разряды: 2) | |
| Ерігінділер мен | Біліктері мен дағдылары: | |

| | |
|---|--|
| жабыстырмалы сәулет бөлшектерін дайындау жұмыстарын орындау. | <ol style="list-style-type: none"> 1. Желім мен қалыппластыны пісіру. 2. Белгіленген құрам бойынша ерітінділерді, майлар мен қағаз-желімді массаларды (папье-маше) дайындау. 3. Арматуралар, қалдықты талшықтар мен жаңыршақтар дайындамасы. 4. Негізді тазартып жабыстырмалы сәулет бөлшектерін алу (сақтамай). |
| | <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілер мен жабыстырмалы сәулет бөлшектерін жасағанда қолданылатын негізгі материалдардың түрлері. 2. Желімді, қалыппластыны, мүсіндік саз бен гипс ерітінділерді дайындау тәсілдері. 3. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. |
| Еңбек функциясы 2 Жалпақ бұйымдар мен жабыстырмалы сәулет бөлшектерін орнату жұмыстарын орындау. | <p>Біліктері мен дағдылары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қағаз-желімді массадан жасалған беті тегіс және қарапайым оюы бар кішігірім жалпақ бұйымдарды толтыру. 2. Кішігірім жалпақ бұйымдар мен беті тегіс және қарапайым оюы бар жабыстырмалы сәулет бөлшектерін орнату. 3. Қалыптарын құю үшін қарапайым оюы бар кішігірім көлемді жабыстырмалы сәулет бөлшектерін бұзбай алу. 4. Жалпақ бұйымдарды және қарапайым оюы бар жабыстырмалы сәулет бөлшектерін тазарту. 5. Жалпақ ірі бұйымдар мен күрделі оюы бар жабыстырмалы сәулет бөлшектерін және абажадай қалыбын құю үшін сақтай отырып орнату. 6. Күрделі бұйымдарды орнату. |
| | <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қолданылатын материалдардың негізгі қасиеттерін. 2. Гипсті (кесек) және иілгіш қалыптардың құрылымын. 3. Гипс пен желімнен, гипс пен қалып пластыдан, гипс пен ағаштан жасалған құрамдастырылған қалыптардың құрылымын. 4. Үй-жайлар мен қасбеттерді жабыстырмалы бұйымдармен күрделі әрлеу кезінде қолданылатын белгі салу тәсілдерін. 5. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. |
| Еңбек функциясы 3 | <p>Біліктері мен дағдылары:</p> |

| | | |
|---|--|---------------------------|
| <p>Үлгілер бойынша қалыптар дайындау.</p> | <ol style="list-style-type: none"> 1. Беті тегіс және қарапайым оюы бар кішігірім жалпақ жабыстырмалы сәулет бөлшектеріне арналған гипсті үлгілер бойынша қалыптар дайындау. 2. Сазды және ермексазды үлгілерден алғашқы қалыптарды дайындау және осы қалыптарда қалыптарын түсіріп алып гипсті үлгілерді немесе олардың бөліктерін құю. 3. Гипсті және цементті кесек қалыптар, желімді және қалып пластылы иілгіш қалыптар дайындау. 4. Гипсті, цементті жалпақ кішігірім көлемді бұйымдардың барлық түрлерін, беті тегіс және қарапайым оюы бар кішігірім жалпақ жабыстырмалы сәулет бөлшектерді құю және шыңдау. 5. Бұйымдар мен жабыстырмалы сәулет бөлшектерін құюға арналған гипсті үлгілер бойынша қалыптар дайындау. 6. Сазды және ермексазды үлгілерден алғашқы қалыптарды дайындау. 7. Сазды және ермексазды үлгілерден алғашқы қалыптар мен олардың бөліктерін құю. 8. Гипсті кесек, құрастырмалы және иілгіш қалыптар дайындау. | |
| | <p>Білімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алғашқы қалыпты алу үшін кішігірім саз үлгілерін дайындау тәсілдерін. 2. Қалыптарды дайындау тәсілдерін. 3. Бұйымдар мен жабыстырмалы сәулет бөлшектерінің сапасына қойылатын талаптарды. 4. Алғашқы қалыпты алу үшін кішігірім саз үлгілерін дайындау тәсілдерін. 5. Гипсті, алғашқы, иілгіш және құрастырмалы қалыптар дайындау тәсілдерін. 6. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы. | |
| <p>Жеке құзыретіне қойылатын талаптар</p> | <p>Командада жұмыс істей білу Тыңғылықтылық</p> | |
| <p>СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы</p> | <p>7422</p> | <p>Тұсқағаз жапсырушы</p> |
| <p>КӘСІП КАРТОЧКАСЫ: «Сылақшы»</p> | | |

| | | | |
|--|--|--|---|
| Кәсіп коды | 7133 | | |
| Кәсіп атауы | Сылақшы | | |
| СБШ бойынша біліктілік деңгейі | 2-4 | | |
| БТБА бойынша біліктілік деңгейі | 2-7 | | |
| Кәсіби білім деңгейі | СБШ-ның 2-деңгейі | СБШ-ның 3-деңгейі | СБШ-ның 4-деңгейі |
